

## Панфилов ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2012-2013 жылдарға белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы N 4-54-337 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 14 желтоқсанда N 2-16-144 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 05 желтоқсандағы N 5-24-165 шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 05.12.2012 N 5-24-165 шешімімен.

Р Қ А О

ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Панфилов аудандық мәслихаты

**ШЕШІМ**

**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Панфилов ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2012-2013 жылдарға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Панфилов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы "Панфилов ауданы аумағындағы бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" N 4-25-167 шешімінің (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылғы 28 қаңтарда N 2-16-100 нөмірмен тіркелген, "Жаркент өңірі" газетінің 2010 жылғы 06 ақпандағы 11 нөмірінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Молдахметов Батыр Қайыркенұлына және аудандық мәслихаттың бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы  
КЕЛІСІЛДІ:

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы  
Р. Тулақбаев  
Т. Оспанов

П а н ф и л о в а у д а н ы б о й ы н ш а  
с а л ы қ б а с қ а р м а с ы н ы ң  
бастығы Бекмұхамбет Оразтай Нұратайұлы  
08 желтоқсан 2011 жыл

Панфилов аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 8 желтоқсандағы  
"Панфилов ауданы бойынша  
бірыңғай тіркелген салық  
ставкаларын 2012-2013 жылдарға  
белгілеу туралы"  
N 4-54-337 шешіміне қосымша

**Панфилов ауданы бойынша 2012-2013 жылдарға арналған бірыңғай  
тіркелген салық ставкаларының мөлшері**

| Р е т<br>N | Салық салу объектісінің атауы                                                             | Панфилов ауданы бойынша айына салық салу<br>бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының<br>мөлшері (айлық есептік көрсеткіш) |
|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1          | 2                                                                                         | 3                                                                                                                                   |
| 1.         | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған,<br>ұтыссыз ойын автоматы                            | 5                                                                                                                                   |
| 2.         | Біреуден артық ойыншылардың<br>қатысуымен ойын өткізуге арналған<br>ұтыссыз ойын автоматы | 6                                                                                                                                   |
| 3.         | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын<br>дербес компьютер                                       | 2                                                                                                                                   |
| 4.         | Ойын жолы                                                                                 | 45                                                                                                                                  |
| 5.         | Карт                                                                                      | 8                                                                                                                                   |
| 6.         | Бильярд үстелі                                                                            | 8                                                                                                                                   |